Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссия отырысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ

«25»___02___ 2026 жыл Қандыағаш қаласы

Төрағалық етті:	Мұғалжар ауданының әкімі– табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссия төрағасы Д. Ермағанбетов.

Қатысқандар: Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының мүшелері, мекемелер мен кәсіпорындар басшылары.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2026 жылдың су тасу маусымында төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы. ГТҚ жай-күйі, 2026 жылғы су тасқынына әзірлігі туралы *(жоспарлы);*

2. 2026 жылдың өрт қауіпті кезеңінде табиғи өрттер, дала өрттерінің алдын алу мен жою жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың дайындығы туралы. *(жоспарлы);*

3. Аудан көлеміндегі өрт сөндіру пункттерін (ауыл құтқарушылары) материалдық қамтамасыз етуі және әрі қарай дамыту туралы *(жоспарлы);*

Баяндамашы: Мұғалжар ауданының ТЖБ бастығы азаматтық қорғау подполковнигі М.Рятов

I. Бірінші мәселе бойынша: 2026 жылдың су тасу маусымында төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы. ГТҚ жай-күйі, 2026 жылғы су тасқынына әзірлігі туралы *(жоспарлы);*

Баяндамашылар: Еңбек, Құмжарған, Аққемер, Батпақкөл ауылдық округтерінің әкімдері.

Күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылап, пікір алмасқан соң аудандық табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия **ҰСЫНЫС ЖАСАДЫ:**

1. Ауданның қала және ауылдық округ әкімдеріне 2026 жылдың 01 наурызына дейін:

1.1. Көктемгі су тасқыны кезінде су сақтау қоймаларында су жиналу жағдайы күнделікті бақылауға алынсын;

1.2. елді-мекендерден қар шығару жұмыстары ұйымдастырылсын;

1.3.су жүретін жолдарды тазалау жұмыстары ұйымдастырылсын;

1.4. су жиналуына ықтимал тұрғын үй аумақтарынан қарларды шығару бойынша сенбіліктер ұйымдастырылсын.

1.5. инертті материалдарды, құм толтыратын қапшықтардың қорын жинау уақытылы жүзеге асырылсын

1.6. елді мекендердегі автожолдардың бойындағы су өткізу құбырларын, арықтарды қардан, қоқыстан тазалу;

1.7. су тасқыны кезеңі ішінде елді мекендерде, су қоймаларында тәуліктік кезекшілікті ұйымдастыру;

1.8. қолда бар мотопомпаларды жұмыс күйіне келтіру және мотопомпалардың жұмыс жасап тұрғандығы бойынша бейне (видео отчет) ақпаратты Мұғалжар ауданының ТЖБ-не ұсынсын.

1.9. Тиесілі аумақта барлық (жеке, мемлекеттік) гидротехникалық құрылыстарының (ГТС) құжаттарын дайындау;

1 тоқсан соңына дейін

2. «Мұғалжар аудандық орталық ауруханасы» МКҚК бас дәрігері, ШЖҚ «Ембі аудандық ауруханасы» МКҚК бас дәрігеріне2026 жылдың 25 наурызына дейін:

2.1. Көктемгі су тасқыны кезінде төтенше жағдай туындаған кезде қажеттілігіне қарай жеткілікті жедел медициналық жабдықтардың қоры жасақталсын;

3. «Мұғалжар аудандық ауыл шаруашылық бөлімі» ММ-нің басшысына, қала, ауылдық округтерінің әкімдеріне:

3.1. Су тасқыны кезінде қажеттілік туындағанда адамдарды эвакуациялау пункттерін дайындау;

3.2.Тамақпен үздіксіз қамтамасыз ету;

3.3. Малдарды басқада үй жануарларын қауіпсіз орынға көшіруді ұйымдастыру;

3.4. азық-түлік, жем-шөп мал азығының қоры жасақталсын;

4.Еңбек ауылдық округінің әкіміне 2026 жылдың 10 наурызына дейін:

4.1. Сағашилі, Басшилі ауылдарының аумағындағы Темір өзені бойындағы мұз ұстайтын орындарды бақылауға алу және тал, қамыстардан тазарту;

5. Ащысай ауылдық округінің әкіміне:

5.1. Ақсу ауылына кіреберісте орналасқан көпірдің жағалауын нығайту және өзен арнасын бұрып түзету жұмыстарын жүргізу үшін тиісті іс шараларды алсын;

6. «ҚазТранГазАймақ» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалының Мұғалжар газ шаруашылығы басшысына, «Энергосистема» ЖШС-нің Мұғалжар электр желілер учаскесінің басшысы, «Энергосистема» ЖШС-нің Ембі электр желілер учаскесінің басшысы және Аудандық телекоммуникация торабы басшысына, су тасқыны мерзімінде үнемі:

5.1. Көктемгі су тасқыны кезінде электро, газ және байланыспен қамтамасыз ету жүйелері тоқтаусыз толық жұмыс жасауы қамтамасыз етуге шаралар алынсын;

6. «Мұғалжар аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің басшысы, Ақтөбе облыстық филиалының «Казахавтодор» ДЭП Мұғалжар учаскесінің шебері, Ембі учаскесінің шебері, қала және ауылдық округтер әкімдеріне 2026 жылдың 25 наурызына дейін:

6.1. Республикалық, облыстық және аудандық жолдарда орналасқан су өткізу құрылыстары мен көпірлер астарына тазарту жұмыстары жүргізілсін.

7. Қандыағаш қаласының әкіміне 2026 жылдың 10 наурызына дейін:

7.1. Қандыағаш қаласы Қаржаубаев көшесі Рахат мейрамханасының аумағындағы жер асты каналдары мен суағарларын қар мен қоқыстан тазарту.

7.2. Қандыағаш қаласы, Самал мөлтек ауданы, салынып жатқан мектеп құрылысы аумағындағы судың жүру жолдарын қоқыстан тазарту

8. Қандыағаш жол дистанциясының басшысына:

8.1. **А.ж: 1 наурызынан бастап**: Аудан аумағындағы темір жол жолдарында орналастырылған су өткізу құрылыстары мен көпірлер астарына тазарту жұмыстары жүргізілсін.

9. Мұғалжар аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысына, су тасқыны кезеінде:

9.1. Су тасқының алдын алу мақсатында БАҚ-на ақпарат жариялау, халықты мүмкін қауіп-қатер туралы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қауіп туындағанда қажетті іс-әрекеттер туралы насихаттау жұмыстары жүргізілсін.

9.2. Аудан бойынша барлық волонтерларды су тасқыны кезіндегі іс шараларына жұмылдырылсын.

II. 2026 жылдың өрт қауіпті кезенінде табиғи өрттер, дала өрттерінің алдын алу мен жою жұмыстарын ұйымдастыру туралы. *(жоспарлы);*

---

1. Ауданның қала және ауылдық округ әкімдеріне:

1.1. А.ж. 10 мамырға дейін: Әрбір қала және ауылдық округтерде, өрт қауіптілігі жоғары маусымда, ерікті өрт сөндіру жасақтарының санын түгендеп, оларды қажетті құрал-жабдықтармен (ырғақ, сыпырғыш, күректер, арнайы киім т.б.), техникалармен қамтамасыз етіп, жасақтарды өртке қарсы құрылымдардың жауапты қызметкері басқаруын ұйымдастырып, құрылған ерікті өрт сөндіру жасақтарының тізімі, басшысы, қандай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілгендігі туралы толық ақпарат дайындасын;

1.2. қала және ауылдық округтердегі өрт сөндіру мотопомпаларын және басқада құрал-жабдықтарды жұмыс жағдайына келтіріп, әрқашанда жұмыс жағдайында дайын ұстау;

1.3. өрттің алдын алу талаптарының сақталуын жетілдіру мақсатында, қолда бар көрнекілер мен ақпарат құралдары арқылы насихаттап, далалық өрттерді сөндіру кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыз ету;

7. **Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысына, а.ж.05 маусымға дейін:**

2.1. Мал азығын дайындауға қатысатын барлық техникаларды техникалық байқаудан өткізіп, өрт шығару құрылғыларын (искрогасители) сәйкестендіру жұмыстарын науқан басталғанға дейін аяқтау;

2.2. шаруа қожалықтарымен өзге де ауылшаруашылығы өндірушілері егістіктерде, жайылымдарда, шабындықтарда орылған егіннің орнын жағу, шөптесін өсімдіктердің, аңыздар мен басқа өсімдік қалдықтарын өртеу жұмыстарына бақылауды қамтамасыз ету;

8. **Аудан әкімінің бас инспекторы:**

3.1. 2026 жылдың өрт қауіпті маусымында орман және дала өрттерінің алдын алу және оларды жою жөніндегі аудандық жұмыс топтарын (штаб) құру;

III. Аудан көлеміндегі өрт сөндіру пункттерін (ауыл құтқарушылары) материалдық қамтамасыз етуі және әрі қарай дамытуы туралы *(жоспарлы);*

---

1. Ауданның ауылдық округтерінің әкімдері тұрақты негізде:

1.1.Әкімдік жанынан ашылған барлық өрт сөндіру бекеттерін **«Ауыл құтқарушысы»** бағдарламасы аясында қажетті құрал-жабдықтармен *(ырғақ, сыпырғыш, күректер, арнайы киім т.б.)*, техникалармен қамтамасыз етсін;

1.2. Өрттің алдын алу талаптарының сақталуын жетілдіру мақсатында, қолда бар көрнекілер мен ақпарат құралдары арқылы насихаттап, далалық өрттерді сөндіру кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыз етсін;

1.3. Ауыл құтқарушыларының *(ӨСБ қызметкерлері)* жауынгерлік дайындығын пысықтау мақсатында өрттерді сөндіру бойынша практикалық сабақтар үнемі жүргізілсін.

1.4. **Жергілікті елді мекендердегі кәсіпкерлері мен шаруа қожалық басшыларын тарта отырып:** Елді мекеннің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жедел әрекет ету мақсатында өрт сөндіру бекетін (гараждық бөлмесі бар ғимарат) салу арқылы өз үлесін қосу.

Мұғалжар ауданының әкімі –табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссия төрағасы **Д. Ермағанбетов**

Комиссия хатшысы **Ж. Сегизбаева**